

# NH15-K

## ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ



**БҰЛ НҰСҚАУЛАРДЫ NH15-K ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНАТЫН БАРЛЫҚ АДАМДАР МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ОҚЫП, ДҰРЫС ОРЫНДАУЫ КЕРЕК.**

NH15-K қауіпсіздік құралына қатысты ақпаратты мына мекенжайға хабарласып алыңыз:  
Akbarys Protection LLP:

Akbarys Protection LLP №1-ші Өнеркәсіп паркі, Алматы ауданы, Астана, Қазақстан Республикасы

тел / факс: +7-7112-500 353  
эл.пошта: info@akbarys.kz

[www.akbarys.kz](http://www.akbarys.kz)



**ЖАЛПЫЛАМА ЕСКЕРТУ:** NH15-K қауіпсіздік құралын пайдаланатын барлық адамдар осы құралды пайдалану алдында міндетті түрде дайындықтан өтуі керек.

Бұл нұсқаулық стандартты NH15-K қауіпсіздік құралын пайдалану бойынша дайындықтың орнын алмастыра алмайды. Дайындықты білікті жаттықтырушы шағын топтарда барлық пайдаланушылар NH15-K қауіпсіздік құралын алып жүру, тексеру, ұстау, қою, кию және алу тәсілдерін міндетті түрде үйреніп шығуға мүмкіндік жасай отырып өткізуге тиіс.

NH15-K қауіпсіздік құралы осы нұсқауларға сай сақталса және пайдаланылса ғана көзделген мақсатта жұмыс істей алады.

Егер осы нұсқаулық орындалмаса, NH15-K қауіпсіздік құралы көзделген мақсатта жұмыс істей алмауы және NH15-K қауіпсіздік құралына сеніп жүрген адамдар елеулі жарақат алуы немесе мерт болуы мүмкін.


Егер NH15-K қауіпсіздік құралы осы нұсқауларға сай сақталмаса, тексерілмесе немесе іске пайдаланылмаса, Avon Polymer Products Ltd берген кепілдік заңды күшінен айырылуы мүмкін.



BS8468-3.2:2009; 1 түрі; МСыныбы 15 CBRN Бүл өнім кемінде 15 минут қорғай алады.

Бұл текбір рет ғана пайдалануға арналған өнім: **қайта пайдаланбаңыз**

Бұл қауіпті және ластанған жерлерден адам өзін өзі құтқаруға және қашып шығу үшін қолдануға арналған құрал. NH15-K дем алғанда бірге кіруі мүмкін кейбір қатты және сұйық заттардан, газдардан, булардан және сұйық заттардың шашырандыларынан қорғануға мүмкіндік береді.



**ЕСКЕРТУ:** Егер NH15-K қауіпсіздік құралын парақшадағы нұсқауларға сай кимесе, онда бұл құрал қорғай алмайды.



Вакуум орамасына зақым келмегеніне көз жеткізу үшін NH15-K құрылғысын уақытылы тексеріп отыру керек. Вакуум тұтастығын тексеру үшін фольга қалтасы ұстағышта тұрған кезде ұстағышты қысу арқылы тексеру қажет. Егер фольга орамы қозғалмаса, вакуум жарамды. Фольга қалтасын, егер қажет болмаса, ұстағыштан алмаңыз.

Егер орамына зақым келсе немесе вакуумы бұзылса **пайдаланбаңыз**. Жергілікті қауіпсіздік менеджеріңізге дереу хабарлаңыз.



**ЕСКЕРТУ:** Уақытылы күтіп ұстамау және тексермеу қатерлі жарақат алуға немесе өлімге әкелуі мүмкін.



Оттегі жетіспейтін атмосфераны (<19.5%) **пайдаланбаңыз**.

<19.5%



Қауіпсіздік құралын түтін мен оттан қорғану үшін **пайдаланбаңыз**.



Вакуум орамының өндірілген күнгі салмағы



Құралды пайдалану алдында дайындықтан өтіп, нұсқауларды оқыңыз.



Вакуум орамының сақтау уақыты аяқталатын күнді қараңыз.



95% RH деңгейінен жоғары ылғалдықта **сақтамаңыз**.



NH15-K қауіпсіздік құралын -15°C градустан төмен не 40°C градустан жоғары жерде сақтамаңыз. Көліктердің ішіндегі температура осы шектерден шығуы мүмкін.



Өндірілген күнін вакуум орамынан қараңыз.



M сыныбына жататын орам. Пайдаланушыға жеткізуге болады.



16 жасқа толмаған балалар пайдалануға арналмаған.



**ЕСКЕРТУ:** NH15-K қауіпсіздік құралын құрғақ, таза жерге, күннің көзі тура түсетін жерден алыс сақтау керек. NH15-K қауіпсіздік құралын пайдаланғана дейін өзінің түпнұсқа, ашылмаған вакуум орамында сақтау керек. Вакуум орамды ылғал мен зақым келуден қорғау үшін вакуум орамды сыртқы сөмкенің ішінде сақтау керек.

CE 2797

AVON  
PROTECTION

## КИЮГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛАР



ЕСКЕРТУ: Әшекей, тырнақ немесе сырғыма тартпа тәрізді өткір қырлы заттар NH15-K қауіпсіздік құралына зақым келтіруі мүмкін. NH15-K қауіпсіздік құралын киер алдында ұзын шаштарды мықтап жинау керек.



1. Вакуум орамды сыртқы сөмкеден алыңыз



2. Вакуум орамының жұртуға арналған керткітерінің бірін жұртып ашыңыз



3. Қауіпсіздік құралын вакуум орамынан алыңыз



04. Сүзгінің корпусын кітап тірізді ашыңыз.



5. Күнқағарын жазу үшін қауіпсіздік бас киімін тартыңыз.



6. Саусағыңызды мұрын тұмшалағышқа салып, мұрын тамшалағышты ашыңыз.



ЕСКЕРТУ: Егер мұрын тұмшалағыш киілмей тұрса, NH15-K қауіпсіздік құралы қорғай алмайды. Осы ескертуді орындамаған кезде адам жарақат алуы немесе өлімге әкелуі мүмкін.




07. Екі қолыңыздың алақандарын бір-біріне қаратып, мойын тұмшалағыштың ішіне салыңыз. Мойын тұмшалағышты бас сиятындай кеңейте отырып сыртқа қарай тартып керіңіз.



ЕСКЕРТУ: Егер адам көзілдірік тақса, қауіпсіздік құралын кию барысында мойын тұмшалағышты қажетінше тарту керек. Мойын тұмшалағышқа немесе қауіпсіздік құралына зақым келсе, адам қатты жарақат алуы немесе мерт болуы мүмкін




8. Қауіпсіздік құралын бір рет шапшаң қимылдап басыңыздың әуелі артқы жағынан шығарып алыңыз. Мұрын қорғағышты аузыңыздың үстіне қойып, қауіпсіздік құралы буланбау үшін терең дем алыңыз.



9. Қауіпсіздік құралының артқы жағын қысып ұстап тұрып, бауды бастың төбесіне келтіріп реттеңіз.



10. Мұрын тұмшалағышты бетке дөп келтіріп реттеңіз. Мұрын тұмшалағыш ауыз бен мұрынды жауып тұрса ғана қорғай алады. Егер қауіпсіздік құралы дем алған кезде торсып және жиырылып тұрса, онда мұрын тұмшалағышты реттеп барып қайта тұмшалаңыз.



11. Мойын тұмшалағыштың теріге тегіс жабысып тұрғанына көз жеткізіңіз. Шаш, әшекей, моншақ немесе киім тәрізді ешбір зат мойын тұмшалағышқа кедергі жасамауы керек.



ЕСКЕРТУ: Егер мойын тұмшалағыш пен терінің арасында қандай да бір кедергі бар болса немесе ашық болса, NH15-K қауіпсіздік құралы қорғай алмайды. Осы ескертуді орындамаған кезде адам жарақат алуы немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Егер мүмкін болса, қасыңыздағы адам мынаны тексерсін:

- Мұрын тұмшалағыштың беттің ортасында тұрғанын.
- Бауларының симметриялық екенін және бұратылмағанын.
- Мойын тұмшалағыш пен терінің арасында әшекей, моншақтар немесе шаш тәрізді ешбір кедергінің жоқ екенін.



12. Тыныш дем алып, қауіпті аймақтан шығыңыз да, қауіпсіз, ластанбаған аймаққа өтіңіз.



ЕСКЕРТУ: NH15-K қауіпсіздік құралын тиісті зарарсыздандыру процедурасы аяқталғанша алмаңыз. Жергілікті әкімшілік берген зарарсыздандыру нұсқауларының барлығын орындаңыз. Осы ескертуді орындамаған кезде, адам зарарлы заттардың әсеріне шалдығып, нәтижесінде жарақат алуы немесе мерт болуы мүмкін.

## ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛАР



Осылай істеу қауіпсіз болған кезде бас бармақтарыңызды мойын тұмшалағыштың астына салып, сүзгілерді қысып ұстаңыз. Бір рет жылдам қозғалыспен сүзгілер мен мұрын жапқышты бетіңізден тартып, басыңызды асыра алыңыз.

NH15-K қауіпсіздік құралын мемлекеттің және/немесе жергілікті заңдарға сай қоқысқа тастау керек.  
PPE Ережесі (EU) 2016/425  
EU үлгісі - B модулі (V қосымшасы)  
Өнімнің түрі - D модуліне сәйкестігі (VIII қосымша)

BSI Assurance Ltd. NB 0086  
Kitemark Court, Davy Avenue, Knowlhill,  
Milton Keynes, MK5 8PP, UK